



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ү К І М

2025 жылғы 11 қараша

№5155-25-00-1/77 іс

Абай ауылы

Түркістан облысы Келес аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ботабеков М.И.,
Б.Керімбайдың хатшылығымен,
мемлекеттік айыптаушы – прокурорлар Н.Ағабековтың, Қ.Садықовтың,
сотталушы М.Е.Дуйсембиевтің,
қорғаушы адвокаттар : А.Касымхановтың, Е.А.Кахаровтың, қорғаушы
Н.Дуйсембиевтің қатысуларымен, ашық сот талқылауында қылмыстық істі
қарады, ол бойынша:

Марат Елепбердиевич Дуйсембиев, 1976 жылғы 2 шілдеде туылған,
Қазақстан Республикасының азаматы, жұмыссыз, бұрын сотты болған: Келес
аудандық сотының 22.12.2020 жылғы үкімімен Қазақстан Республикасы
Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі-ҚК) 405-бабының 1 және 2 бөліктерімен
кінәлі деп танылып, түпкілікті 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу
жазасы тағайындалған, тұрғылықты жері : Келес ауданы, Қошқарата ауылдық
округі, 1 мамыр ауылы, Қызыл бұлақ көшесі, №67 үй, «Күзетпен ұстау»
түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған, ҚК-нің 256-бабының 2-
бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін сотқа берілді.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі –
ҰҚК) Түркістан облысы бойынша Департаментінің (бұдан әрі - департамент)
Келес аудандық бөлімімен Интернет желісінде жүргізілген мониторинг
нәтижесінде, айыпталушы М.Дуйсембиев өз атына тіркелген «TikTok»
желісіндегі «id:7130680895695127578 - @maratduisembiev» әлеуметтік
парақшасы арқылы діни экстремизм және терроризм идеологиясын
насихаттайтын «Ал-Ихван аль Муслимун» ұйымының мағынасына тиесілі
радикалды тұрғыдағы бейне ролик материалдарын ашық түрде насихаттап,
сақтап және таратқаны анықталған.

2025 жылға 13 ақпанда М.Дуйсембиев терроризмді насихаттайтын әр
түрлі діни уағыздар мен бейне роликтермен танысып, оны
телекоммуникация желілерін пайдалана отырып тарату үшін, Түркістан
облысы, Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, Бесқұбыр ауылында бола
тұра, «TikTok» желісіндегі «id:7130680895695127578 - @maratduisembiev»
әлеуметтік парақшасына ашық түрде, 23.12.2023 жылы Аминов Ильнур
Халитовичтің (РФ экстремисттік және террористтік ұйымға қатысты ретінде
танылған) @amin_khalifa парақшасына Палестинаны азат ету негізінде

жиһадқа шақыру туралы жариялаған бейнежазбасымен бөлісе отырып (өзінің парақшасына «репост» жасап), «TikTok» әлеуметтік желісінің қолданушыларына танысу үшін ашық жариялап таратып, терроризмді насихаттаған.

Әрі қарай М.Дуйсембиев Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, Бесқұбыр ауылында бола тұра, «TikTok» желісінде «id : 7130680895695127578 - @maratduisembiev» әлеуметтік парақшасына ашық түрде, 29.10.2024 жылы «Шамиль» есімді блогердің @shamil_boroda парақшасына Палестинадағы соғысқа байланысты жиһадқа халықты жұмылдыру керектігі туралы жариялаған бейнежазбасымен бөлісе отырып (өзінің парақшасына «репост» жасап), «TikTok» әлеуметтік желісінің қолданушыларына танысу үшін ашық жариялап таратып, терроризмді насихаттаған.

М.Дуйсембиев осымен шектелмей, өз қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекеттерін жалғастыра отырып, Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, 1-Мамыр ауылында бола тұра, «TikTok» желісінде «id:7130680895695127578 - @maratduisembiev» әлеуметтік парақшасына ашық түрде, 04.01.2025 жылы @islamikercherkes парақшасына Палестинадағы соғыс жайындағы жариялаған стрим бейнежазбасымен бөлісе отырып (өзінің парақшасына «репост» жасап), «TikTok» әлеуметтік желісінің қолданушыларына танысу үшін ашық жариялап таратып, терроризмді насихаттаған.

М.Дуйсембиевтың «TikTok» желісінде яғни, телекоммуникация желілері пайдалана отырыпашық түрде таратқан, терроризмді насихаттаған бейнежазбаларымен @aseuzhcc аккаунт қолданушысы Н.Тұраров танысып, өзінің санасы мен ерік-жігеріне, зорлық-зомбылық идеологиясы мен терроризм әрекеттеріне қатысты әсерлер алғандығы анықталған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Сотталушы М.Е.Дуйсембиев, сотта өзіне тағылған айыпты мойындамай, төмендегідей айғақ берді. Терроризмді насихаттау мақсты болмаған. Бейнероликтерді өзінің ұялы телефонына сақтап, басқаларға жібергені есінде жоқ екенін көрсетті.

(5155-25-00-1_77_22102025100058_mlx.mp3_ уақыты 22.10.2025, сағ.11:00).

Сотталушы М.Е.Дуйсембиевтің кінәсі, сот сараптамалар қорытындыларымен, куәлердің жауаптарымен және істегі басқа да дәлелдемелермен толық және объективті өз дәлелін табады деп санайды.

Сотта теолог маман С.Б.Маханбетов төмендегідей айғақ берді. 2025 жылғы 24 қаңтарда ҰҚК Департаменті Келес АПБ-де профилактикалық мақсатты теологиялық жұмыстары ұйымдастырылып, М.Е.Дуйсембиевпен кездесіп, сұхбат өкізу барысында, оның көзқарасы сәләфиттік идеологиясының матхалит еес бағытында екені мәлім болған. Оның сақал қою үлгісі, балақ қысқарту, тыңдайтын уағызшылары Дарын Мубаров болуына, қарсылыққа, көтеріліске бейім екен деп бағалаған. (5155-25-00-1_77_12092025101137_mlx.mp3_ 12.09.2025, сағ.10:50).



Куә Н.Е.Тұраров сотта төмендегідей айғақ берді. 2024жылдан бастап@maratduisembiev» аккаунтына тіркеліп, бейнежазбаларын көріп жүрген. @shamil_boroda» аккаунтмен бөліскен бейнежазбада Палестинада болып жатқан соғысқа шақырғанын, миллиондаған мысылман өзін құрбан етуге дайын екендігін көріп, теріс ой-пікір қалыптасқанын көрсетті. (5155-25-00-1_77_03112025162915_mіx.mp3_mіx.mp3 уақыты. 3.11.2025, 16:30).

Сотта жауап берген сарапшы А.А.Мирзаходжаев сотта төмендегідей айғақ берді, яғни осы іс бойынша берген 25.04.2025 жылғы №42 қорытындыны қолдайтынын, М.Е.Дуйсембиевтің «Tіk Tok» әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында жарияланған бейнежазба Ислам дінінің сунниттік ағымына, мәтіндері «Мұсылман бауырлар» (ал-Ихван ал-Муслимун) ұйымына жататындығын, мәтіндерінде діни уәждер бойынша жиһад жасап өзін-өзі құрбан ету, соғыс және зорлық-зомбылық идеялары бар екенін, бейнежазбалар мәтіндерінде терроризмді насихаттау белгілері бар екендеген көрсетті (5155-25-00-1_77_22102025100058_mіx.mp3_ уақыты 22.10.2025, сағ.11:00).

Сотта куә А.С.Әжіхан төмендегідей айғақ берді. Ол қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізген кезде М.Е.Дуйсембиевке қысым жасамаған, ұрып-соқпаған, М.Е.Дуйсембиевті қызметкерлердің бірі ұрып-соққанын, қысым жасағанын көрмеген.

Сот істегі жинақталған дәлелдемелерді зерттеп, оларға баға беріп, сотталушының кінәсі үкімнің сипаттау бөлігінде көрсетілген көлемінде объективті дәлелдемелермен толық бекітіледі деп табады.

Атап айтқанда, 25.04.2025 жылғы сот психологиялық-филологиялық және сот дінтанушылықсараптамасының №42 санды қорытындысымен, ол бойынша М.Е.Дуйсембиевті жариялаған бейне жазбасы – «Мұсылман баруырлар» (ал-Ихванал-Муслимун) ұйымына жатады, мәтінінде діни уәждер бойынша жиһад жасау, өзін-өзіқұрбан ету, соғыс және зорлық-зомбылық идеялары, сонымен қатар терроризмді насихаттау белгілері бар делінген.

17.06.2025 жылғы сот-психиатриялық сараптамасының №2090-Б/25/13 санды орытындысымен, ол бойынша М.Е.Дуйсембиев созылмалы психикалық аурумен, кем ақылдылықпен немесе психикасының өзге дедерттерімен ауырмайды және ауырған емес. Оқиға орын алған іс кезінде өзінің іс-әрекеттеріне тиісті баға бере алған. Психикалық жағдайына байланысты, оқиғаның мән жайын дұрыс қабылдай алған, өзінің іс-әрекеттерін түсіне алған, есте сақтау қабілеті сақтаулы. Тергеу мен соталдында жауап бере алады делінген.

10.06.2025 жылғы жеке басын, тұрғын үйді тінту хаттамаларымен, онда М.Е.Дуйсембиевтің ұялы телефоны айғақты зат ретінде алынған.

14.06.2025 жылғы нәрселерді қарап-тексеру хаттамасымен, онда М.Е.Дуйсембиевтен алынған «Vivo V23 5G» маркалы ұялы телефонына қарау жүргізу барысында ұялы телефонның бас мәзірінде «Tіk-Tok» мессенжерінде @maratduisembiev» аккаунты Абу Марьям жазуымен тұрғаны анықталған. @maratduisembiev» аккаунтының парақшасында 20 дана діни бейнежазбалар бар екені, 2258 «подписки», 1164 «подписчик», 3443 «лайки» бар екендігі анықталған.



27.06.2025 жылғы нәрселерді қарап-тексеру хаттамасымен, онда куә Н.Тұраровтың «Iphone 14» маркалы ұялы телефонына қарап-тексеру жүргізілген. Қарау жүргізу барысында ұялы телефонның бас мәзірінде «Tik-Tok» мессенжерінде @aseuzxss akkaунты Н.Тұраровқа тиесілі екендігі 77 «подписки» 33 подписчигі барлығы, «подписки» мәзірінде @maratduisembiev» akkaунтына тіркелгені, @maratduisembiev» akkaунтының парақшасында 20 дана діни бейнежазбалар бар екені, 2258 «подписки», 1164 «подписчик», 3443 «лайки» бар екендігі анықталған.

Барлық аталған дәлелдемелер жоғарыда аталған заңсыз іс-әрекеттерді сотталушымен жасалғандығын айқын көрсетіп отыр.

Аталған жайт сотта істегі жинақталған құжаттарымен толықтай дәлелденді. Аталған дәлелдемелер бір-бірімен толықтай ұйқас келеді және сотталушының соттағы көрсетуін жоққа шығарады.

Осы тұрғыда, сот, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 125-бабының талаптарына сәйкес, заң талаптарын басшылыққа ала отырып, іс бойынша жинақталған барлық дәлелдемелерді, соның ішінде сотталушының жауабын, фактілі деректерді жан-жақты, толық және объективті түрде, өзінің ішкі наным бойынша, әрбіреуінің қатыстылығы, жол берушілігі, дұрыстығы, ал жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан зерттеп бағалай келе, сотталушының үкімінің сипаттамалы бөлігінде көрсетілген қылмысты жасағаны толықтай өз дәлелін табады деп санайды.

Сотталушы М.Е.Дүйсембиевтің өзіне ҰҚК-нің және полиция қызметкерлері қысым жасап, ұрып соққаны жайлы уәжіт сот негізсіз деп санайды. Өйткені сот талқылауы барысында сотталушы М.Е.Дүйсембиевтің өзіне зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік қолданылғаны және адамдық қадір-қасиетті қорлап, жәбір көрсетілгені туралы шағымы бойынша тиісті тексеру жүргізу жайлы қаулы қабылданып, М.Дүйсембиев осы арызды қараусыз қалдыруды сұранған.

Сонымен сот, іс бойынша жинақталған және басты сот талқылауында зерттелген дәлелдемелерге баға бере келе, көлік құралын басқаратын адам М.Е.Дүйсембиев, телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, терроризмді насихаттағаны толығымен анықталып, дәлелденді деп санайды.

Мұндай жағдайда сот, сотталушы М.Е.Дүйсембиевтің кінәсі толық дәлелденгенін ескеріп, оны ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігінмен кінәлі деп тануға негіз бар деп санайды.

Сот, сотталушының жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде оның жас балаларының болуын ескереді, ал жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталмады.

ҚК-тің 39-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Осыған байланысты, сотталушы М.Е.Дүйсембиевтің қылмыстық құқық бұзушылықты жасау салдарының қоғамға қауіптілігін, алдын осы тектес



қылмыс жасағаны үшін сотты болғанын ескеріп, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында сотталушыны бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындау қажет деп санайды.

Сотталушыға бас бостандығынан айыру жазасының мөлшерін анықтауда, құқық бұзушылық жасағаннан кейінгі мінез-құлқын, оның ішінде жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайдың барлығын, жауаптылығын ауырлататын мән-жайлардың жоқтығын, ҚК-нің 55-бабы 2-бөлігі 2-тармағының талабын ескеріп, оның түзелуі үшін ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танып, 8 (сегіз) жылмерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау жеткілікті деп санайды.

ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігінің 2-тармағына сәйкес, сотталушы М.Е.Дуйсембиевтің бас бостандығынан айыру жазасы қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде өтелуге жатады.

ҚК-нің 62-бабының 3-бөлігі 2-тармағының негізінде М.Дуйсембиевтің 2025 жылғы 10 маусымнан бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты қауіпсіздігі орташа мекемеде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір күні үшін бір жарым күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылуға жатады.

ҚПК-нің 178-бабының талаптарына сай, сот сараптамасын жүргізуге жұмсалған 1071 (мың жетпіс бір) теңге іс жүргізу шығыны сотталушы М.Е.Дуйсембиевтен мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚК-нің 98-1, 98-2 баптарының талаптарына сай сотталушыдан Қазақстан Республикасының жәбірленушілерге өтемақы қорының пайдасына жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мәжбүрлі төлем өндірілуге жатады.

Заттай дәлелдемелердің мәселесі ҚПК-нің 118-бабына сай шешуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ

ҚПК-нің 387-390, 393, 395-398, 401, 402-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ҮКІМ ЕТТІ:

Марат Елепбердиевич Дуйсембиев ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігінде көрсетілген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын, оған 8 (сегіз) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

М.Е.Дуйсембиевке жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде өтеу белгілсін.

М.Е.Дуйсембиевке қолданылған күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын өзгеріссіз қалдырып, жазасын өтеу мерзімі 10 маусым 2025 жылдан бастап есептелсін.

ҚК-нің 62-бабының 3-бөлігі 2-тармағының негізінде М.Дуйсембиевтің 2025 жылғы 10 маусымнан бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты қауіпсіздігі орташа мекемеде бас бостандығынан айыру түріндегі



жазаны өтеудің бір күні үшін бір жарым күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылсын.

М.Е.Дуйсембиевтен 1071 (мың жетпіс бір) теңге құрайтын іс жүргізу шығындары мемлекет пайдасына өндірілсін.

Заттай дәлелдеме : М.Е.Дуйсембиевтен алынған «Vivo V23 5G» маркалы ұялы телефоны, симкарталарымен иесіне қайтарылсын; Н.Тұраровқа қолхат арқылы сақтауға берілген ұялы телефон оның өз иелігінде қалдырылсын; DVD-R дискілер іспен бірге сақталсын.

ҚК-нің 98-2-бабы 5-тармағына сай, М.Е.Дуйсембиевтен Қазақстан Республикасының жәбірленушілерге өтемақы қорына жиырма айлық есептік көрсеткіш – 78 640 (жетпіс сегіз мың алты жүз қырық) теңге өндірілсін.

Үкімге үкім жарияланғаннан кейін Түркістан облысы Келес аудандық соты арқылы Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына он бес тәулік ішінде, ал сотталғанға оған үкім көшірмесін тапсырған күннен бастап, шағым немесе прокурордың өтінішхаттары келтірілуі мүмкін.

Судья

Ботабеков М.И.

